

08.10.2021 ж. № C00016

Мен – жаңа форматтағы ұстазбын

СЕЙТЕНОВА МАЙРА САПАРОВНА

Ақтөбе қаласы К.Нокин ауылы

Благодар орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!»

/Н. Ә. Назарбаев./

Заман өзгеруде, менде заман талабына сай өзгере білуім керек — деген ұстаным әр ұстаздың бойынан табылуы керек.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындауы керек?» Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының мазмұны осы мәселені шешуге бағытталған. Даму мен үйрену бір үйдің егіз балалары секілді. Бір-біріңсіз толық салынбаған сурет секілді шимай болып қала береді. Дамығың келсе үйренесің, үйрене бастасаң, дамып жатсың деген сөз!

Жаңа заман талабына сай, әлеммен бірге өзгеру мақсатымен менде деңгейлік курсты оқып, жаңа форматтағы ұстаз ретінде қалыптасып келемін. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануымен сыныптағы іс әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Бірінші деңгей бағдарламасы құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сондықтан мұғалімнің бойында Шульман «үш көмекші» деп атаған қасиеттер болуы тиіс.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді.

Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген.

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – Мұғалім.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

“Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

Менде ұстаздық жолымды мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне үйретуге жиырма жыл бойы арнап келемін.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде.

Сондықтан осындай жаңартылған педагогикалық технологиялар ішінен өз қажеттісін тандап алу – әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті талап ететін іс. В.И.Шепелдің айтуы бойынша, технология – өнер, шеберлік, біліктілік жағдайын зерттеуге бағытталаған іс-әрекеттердің жиынтығы ұғымын білдіреді.

Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім-түйсіктеріне әсер ете білген ізденістерден көп пайда болатыны айтпаса да түсінікті. Дайын білімді таратуға негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті де механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады.

Бұндай жолмен оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады.

Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Бұл жағдайда оқушының мәселені түсіну деңгейін анықтап, оның түсінігін толықтыруға немесе қайта құруға көмектесу мұғалімнің міндеті болып табылады.

Менде өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданып жүрмін. Деңгейлік бағдарлама бойынша жұмыс жасай бастағаннан бастап, оқушылардың бойынан өзгерістер байқала бастады. Бұрынғы дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің баға қоюын тосып, қатесін тауып бергенін күтіп отырса, қазір өз қатесін өзі тауып өзі түзетуге машықтанып келеді. Бір — бірін бағалау арқылы өз қателерін түсініп, өзгеге үйрету арқылы үйреніп отырады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақ тілі ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ол қазақ тілі Мәңгілік Елдің мәңгілік тіліне айналды», - деген сөзі қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп отыр. Мәңгілік елдің соғатын жүрегі қазақ тілімен байланысты болады десек, онда заман тынысын тани білген адамға дамудың күретамыры ақпараттық коммуникациялық технологиялармен байланысты екендігі де айқын. Осы мақсатпен аудандық қазақ тілі мұғалімдерімен «Тіл жанашырлары» атты қауымдастық құрып, биылғы жылы семинарлар өткіздім.

Облыстық конференцияда «Дарынды және талантты балалармен жұмыс жүргізу жолдары» тақырыбында шеберлік сынып өткіздім. Осы тақырыппен аудандық семинарда шеберлік сынып, «Топтық жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында коучинг өтті.

Мектеп мұғалімдерімен де тәжірибе алмасып жүреміз. «Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруда интерактивті әдістерді қолдану» атты семинарда аудан мұғалімдері үшін тиімді өткізіліп, тәжірибе алмастық.

Астана қаласында өткен «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық бастамалар» Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі форумына қатысып алған мәліметтер бойынша аудан мұғалімдерімен ой бөлістік.

Біздің мақсатымыз - гүлденген қоғам орнату. «Ұлттық тіл — әр халықтың өзіне тән ой-санасын, парасатын, бүкіл болмыс- тіршілігі мен сезімін- түйсігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күретамыр.»

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған жолдауында басты мақсатымыз-Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы, ол-«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті деген. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық.

Осы жолдауда «Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген.

Ал оны жүзеге асыратын ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім.

Жаңа форматтағы мұғалім жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі екенін түсініп, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп, шығармашылық ізденісте жүруі маңызды.

Жаңа формат мұғалімі пәнді жақсы білумен қоса, стандарт талап етіп отырған құзыреттіліктерді жете меңгеруі тиіс.

Елбасымыздың «Мәңгілік Елге» бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жолында білімді шәкірт дайындаудан шаршамайтын, қазақ елінің жаңа форматты мұғалімін дайындауға атсалысып деңгейлік курсты өткізіп

жүрген білімді де, білікті тренерлердің еңбектері біз үшін баға жетпес нұсқау болып отыр. . Әлемнің озық елдері арасында Қазақстанның білімді жастарының орны ерекше болып шарықтай берсін.

Джон Дьюи мен Дональд Шонның «рефлексиялық оқыту» технологиясында немесе Абай Құнанбаевтың он бесінші сөзінде айтылғандай әр адам өз ісіне есеп бере білсе нәтижеге жетері анық деп санаймын..

08.10.2021 ж. № C00017

Мен – жаңа ғасыр педагогімін

МУРЫНОВА АЛИЯ ОРДАБАЕВНА

Ақтөбе қаласы К.Нокин ауылы

Благодар орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

*«Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді.
Керемет мұғалім көрсетеді,
Ұлы мұғалім шабыттандырады»*

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе – ас бер, он жыл қалғың келсе – ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе – бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Мен үшін қастерлі де, қасиетті мамандық ол – ұстаздық жол.

Мамандықты таңдау – әр адам үшін ең маңызды шешім. Мен үнемі Ж.Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзін өзіме жол сілтер Темірқазық қып алдым. Сөйттім де «Ұстаздық» деп аталатын қиын да қызық соқпаққа алып барар мамандықты таңдауға бел будым.

Өйткені мектеп өмірі мен үшін ыстық, тым жақын. Бала күнімнен санама сіңген қоңырау үні, 45 минуттық білімнің тылсым құдіреті өзіне шақыратын да тұратын. Осы арман желкені салиқалы да салмақты ұстаздарымның жолын жалғастыруға себеп болды.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, – деп, ұлы Абай атамыз айтқандай, М.Өтемісов атындағы мемлекеттік университетінде білім алғанан кейін Сырым ауданына қарасты Қызылағаш орта мектебінде, кейін Бұлан орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып жұмыс жасадым. Мектеп ұжымындағы әрбір ұстаздың бойында болатын төзімділік, сыпайылық, адамгершілік, еңбексүйгіштік сияқты жақсы қасиеттерді бойыма сіңірдім. Тәжірбиелі ұстаздардан шәкірттермен жұмыс жасау әдістерін, оларды жақсы көруді, көңілін таба білуді үйрендім. Міне, биыл осынау қастерлі мамандықтың тұтқасын ұстағаным да 18 жылдың жүзі болыпты. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолымдағы педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, ақпарат ағымында заманауи алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Б.Момышұлы «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет» дейді. Ал ұстаздық – мен үшін биік шың іспетті. Өзіңнің аңсаған шыңыңа шығу үшін талай еңбектенесің. Ал сол шыңға жету жолындағы талай бұрмалаң да шатқал, қиын да қалтарыстарына төзе білетініме сенімім мол.

Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана.
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,

Қадамыңа шуақ шашар үнемі, – деп М.Шаханов ағамыз жырлағандай, адам баласының өміріндегі төрт ананның бірі болып табылатын – қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мұғалімі болу – аса жауапкершілікті іс деп білемін. Осындай жаһандану заманына тұспа-тұс келген біздің шәкірттеріміздің бойына ұлттық рухымызды сіңіріп, тілі мен дінін, ділін берік ұстанған ұрпақ оқыту, тәрбиелеу барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімінің мойынына жүктелетін міндет зор. Сондай-ақ қазіргі білім беру саласының алдында тұрған басты мәселе – жаңа форматты ұстаз қалыптастыру. Бүгінде ұстаздар қауымы үстелдің бір шетінде «мен ұстазбын» деп тұрып алмай, бақылаушы, жазалаушы, тексеруші қызметін әрі ысырып тастап, ізденуші, зерттеуші, шығармашылықпен жұмыс жасайтын жаңашыл болса деп ойлаймын.

«Ескіден қол үзіп, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады» деп Қытайдың дана ойшылы Конфуций айтқандай, ХХІ ғасырдың талабына сәйкес 2014 жылы ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары аясында екінші деңгей (ІІІ) бағдарламасы бойынша курсты аяқтап, сертификатқа ие болдым.

Иә, мен қазіргі заман педагогімін. Осы жолда өз алдыма шәкірттерге терең білу барысында мақсаттар қойдым. Менің ойымша, қазіргі педагогикалық тәжірибеде тиімділікке қол жеткізу үшін Кембридж бағдарламасын жеті модульді сабақта тиімді пайдалану, яғни оқушыға өзіне дұрыс шешім табу және алға қойылған міндеттерді шешу үшін шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік беру керек. Мен өзімнің шәкірттеріме бағыт-бағдар беремін, ал алдымдағы шәкірт оны жүзеге асырады.

Жан-жақты өз пікірлерін айтып, ойларымен бөліседі. Өз сабақтарымда қолданатын әдістер мен тәсілдер заман талаптарына сәйкес келеді және оқушыларыма ұнайды. Жаңа ғасыр педагогі, бұл – рефлексивті педагог. Әрбір мұғалім үнемі өзін-өзі жетілдіріп және де рефлексия тәжірибесінде ғана бұл өсуге ықпал етеді.

Мен жұмыс жасап жүрген шағын жинақты мектепте әр түрлі оқушылар бар және әр оқушының ойлауы мен қабылдауы да әр түрлі деңгейде. Кей кезде жанартылған білім беру жүйесінде топқа, жұпқа бөліп жұмыстану кездерінде қиындықтар да кездесіп жатады.

Осындай кездерде шетел ғалымы Генри Фордтың « Бұған дейін жасағандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады» деген сөзін есіме аламын да, өзімнің тәжірибемде жинақтаған әдіс-тәсілдерге сүйенемін.

Менің шәкірттерім менен әр күн сайын жаңалықтар күтеді және олардың сенімін ақтамауға болмайды. Менің мамандығым менен тұрақты жұмылдыруды талап етеді. Мен бәсекеге қабілетті жастарды дамыту және тәрбиелеу үшін барлық жаңалықтарды білуге міндеттімін.

Мен мұғаліммін, «Өз болашағымды» оқытамын, болашақ дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, әскери және барлық болашақ мамандарын даярлаймын.

Менің түсінігімде, жаңа ғасыр педагогы – өз ісінің кәсіби шебері, ол білім көзі болып қалу ғана емес, оқыту үрдісінің белсенді қатысушысы. Әрбір баланы оқу үрдісіне тарту оңай, бірақ кейде мұны жүзеге асыру қиын.

Тек әдістемені жақсы меңгерген педагог сыныптағы жұмысты дұрыс ұйымдастыра алады.

Қазір ХХІ ғасыр. «Заманға сай қадам басып барамын ба?» деген сұрақ мені де толғандырады. Жаһандану дәуірінің талаптарына сәйкес келе ме?

Менің ойымша, бұған жауап: «жоқ» болуы да мүмкін емес.

Мен – жаңа ғасыр педагогімін. Мен өзімнің білімім мен біліктіліктілігіме сенемін, әр түрлі оқыту құралдарын тиімді пайдаланамын, сабаққа дайындыққа шығармашылықпен келемін.

Ал ең бастысы, менің біліктілігім, мен «Өз болашағымды» оқытамын!

08.10.2021 ж. № C00018

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

СУЛТАНОВА АСЕЛЬ УТЕГЕНОВНА

Ақтөбе қаласы К.Нокин ауылы

Благодар орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «*Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу;білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу*» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген.

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге,жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды.

Білім берудің маңызды шарты-оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабылеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет- ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Жалпы сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы, мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып,шешімді,саналы дәлелдер айтады.

-мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

-білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

-жеке ерекшелігі мен қыбылетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

-білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

-күр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

-ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм , дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына , синквин, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

- 1.Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
- 2.Сенімділікке тәрбиелеу.
- 3.Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.
4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.
5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.
6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.
- 7.Жеке тұлға ретінде « мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлау- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан? қандай?»деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңді қамтиды.

Қызығушылықты ояту

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту, танымдық процеске жұмылдырады, актуалдау. Бұл бөлім –білімнің іргетасы.

Екінші кезең -мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі. Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін. Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады. Салыстырмалы кестелер, екі жақты күнделік әдісі, инсерт әдістері қолданылады. Ой толғау кезеңінде оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар. Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі.

Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді.

➤ **Сын тұрғысынан ойлау** -ашық қоғам негізі.Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу,сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді.Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар,өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау»- сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті.Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» арнайы пәндерді оқытуда қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану» тақырыбын өзекті тақырып ретінде алдым. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін белгілі міндеттер қойдым. Олар:

1. Технологияны оқып меңгеру;
2. Тәжірибеде қолдану;
3. Нәтижесін анықтау.

1-ші сатыда 2012-2013 оқу жылында технологиямен таныстым, баяндама әзірленді ;

2-ші сатыда 2013- 2014 оқу жылында сабақтарымда қолдандым, пәндік отырысқа әдістемелік әзірлеме дайындалды ;

3-ші сатыда 2014 -2015 оқу жылына әдебиеттік оқу пәнінен «Шешендік сөз», «Достық» тақырыбында ашық сабақтар жоспарлап өткіздім.

2015-2016 жылы Өзін-өзі тану пәнінен «Сөз іспен көрікті» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

08.10.2021 ж. № C00019

**Жаңартылған білім беруде
қашықтықтан оқуды ұйымдастыру**

АХАЕВА БАҚЫТ ШАЯХМЕТОВНА

Ақтөбе қаласы К.Нокин ауылы

Благодар орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір-бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады.

Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсарады.

Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенінді үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады.

Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін:

1. Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.

2. Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.

3. Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.

4. Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.

5. Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.

6. Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.

7. Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.

8. Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.

9. Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.

10. Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.

11. Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.

12. Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.

13. 4. Топтық сананы құру амалдары:

14. 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.

15. Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:

- мақсатқа сенімділік;
- мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
- жетекшіліктің оңтайлы стилі;

• басқаруға қатысу. Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?” Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

• Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:

• Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады,

оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

• Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.

• балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;

• оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;

• оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,

• қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;

• мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет

08.10.2021 ж. № C00020

Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі.

ТИНЕЕВА ШЫНАР АЙДЫМБАЕВНА

Ақтөбе қаласы К.Нокин ауылы

Благодар орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты.

А.Шопенгауер

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр – ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз.

Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады.

Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

- Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.

- Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.

- Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.

- Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдықты пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.

- Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.

- Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.

- Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.

- Жалпы мектепшілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепшілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт»деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында: «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», -деген болатын. Елбасымыздың осы тұжырымы арқылы, мұғалімдер ұжымы өз алдымыздағы қоғамдық міндеттің жауаптылығын сезінуіміз қажет.

Оқушылардың денсаулық жағдайын, дене бітімінің дамуымен қозғалыс әрекетін ескере отырып, оларға жеке көңіл бөліп, дене тәрбиесі сабағына қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады. Дене тәрбиесіндегі бағдарламалық, материалды оқушылар ойдағыдай меңгеруі үшін мынадай талаптарды орындауды қадағалаймын: Дене тәрбиесі сабақтарына міндетті түрде қатысу өзінің дене шынықтыру даярлығын арттыру және спорттық шеберлігін арттыру; Жыл ішінде бағдарламалық материалдық негізгі бөлімдері жөніндегі бақылау көрсеткіштерін орындау; мектеп спорттық бұхаралық бағытта өткізілетін шараларға және дене шынықтыру.

Сауықтыру жұмысына белсене қатысу; дене тәрбиесі мұғалімінің нұсқау кеңестерін пайдалана отырып, дене жаттығуларын өз бетінше орындау; дене тәрбиесінің пәнінің теориялық бөлімінің талаптарын білу және тәжірибе жүзінде қолдану; өзінің спорт киімінің болуы.

Оқушылардың ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында дене шынықтыру пәні барысында қазақтың ұлттық ойындарын жиі қолданамын. Сабақтан тыс уақыттарда ұлттық ойындардан асық, көкпар, күш сынасу, бәйге, арқан тарту ойындарын ойнап отырамыз.

Қорыта келгенде, тәуелсіз елімізге білімді, саналы, парасатты адамды тәрбиелеу үшін ұшқыр ойлы, тәні таза, денсаулығы мықты, адал да терең білімді жоғары талғамды шәкірт тәрбиелеу басты міндетім деп санаймын.

08.10.2021 ж. № C00022

Табиғат пен адам – егіз ұғым

АБИШЕВА ЖАНЫМ ДУЛАТОВНА

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы



"Майбалық негізгі орта мектебі "КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі




Бөлім:	Табиғат пен адам – егіз ұғым
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сыныбы:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Табиғат пен адам – егіз ұғым
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиганың дамуы мен аяқталуын болжау; 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану
Сабақтың мақсаты:	<u>Барлық оқушылар үшін:</u> Білім алушылар оқиганың дамуы мен аяқталуын болжай алады, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдана алады.
Құндылықтарға баулу:	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады.



Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин.	<p>Ұйымдастыру кезеңі: (Ұ) Оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру.</p> <p>Мақсаты: оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.</p> <p>Тиімділігі: оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.</p>			
<p>Жаңа сабаққа кіріспе</p> 	<p>(Ұ) «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.</p> <p><i>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім</i></p>	<p>1. Табиғат деген не?</p> <p>2. Үндестік заңы дегеніміз не?</p> <p>3. Дыбыс үндестігі мен буын үндестігінің айырмашылығы қандай?</p>	<p>Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.</p> <p>Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға</p>	<p>ҚБ: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «<u>Жарайсың!</u>» деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру.</p>

	оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.		мүмкіндік береді. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин. 	№1-тапсырма: Мәтінді оқиды	Табиғат -тіршілік көзі. 	Дескриптор: Жалпы – 3 балл. - Тапсырмаларды орындайды -эссе жазады	Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК

		<p>-Мәтіндегі негізгі тірек сөздерді атайды.</p> <p>-Мәтіндегі ойы жалғастырып, «Табиғат пен адам» тақарабына эссе жазады.</p> <p>-Мәтіндегі бірыңғай жуан дыбыстардан тұратын зат есімдерді, бірыңғай жіңішке дауыстылардан тұратын етістіктерді табады.</p>		
--	--	---	--	--

	<p>№2-тапсырма: Оқулықта берілген өлеңді мәнерлеп оқып шығады.</p>	<p>1. Қазақ тіліндегі үндестік заңын түсіндіреді.</p>  <p>2.- Қарамен жазылған сөздерді жұп жұбымен жазады. Өзара салыстырып, ұқсас үшін қай дыбыстарды ортақ екенін айтады. -Өлеңнен үндестік заңынабағанап жалғанған жалғаулар мен шылауларды табады. Оларды дыбыс үндестігі мен буын үндестігіне бөліп жазады. Үлгі:</p> 	<p>Дескриптор: Жалпы – 4 балл.</p> <p>- Сұрақтарға жауап береді. - тапсырманы орындайды</p>	<p>Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК.</p>
	<p>№3-тапсырма. Оқулықта берілген жұмбақты шешеді.</p>	<p>1. Жұмбақтағы етістіктерді тауып, буын үндестігі бойынша талдайды.</p>	<p>Дескриптор: Жалпы – 3 балл.</p> <p>- Тапсырманы</p>	<p>Оқулық, жұмыс дәптерлері</p>

			орындайды	
<p>Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.</p> 	<p>«Аяқталмаған сөйлем» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.</p>	<p>Жеке жұмыс: - бүгінгі сабақта мен...түсіндім, ...білдім,көзімді жеткіздім. - бүгін сабақта қуантқаны..... - мен өзімді.....үшін мақтар едім. - маған ерекше ұнағаны..... - сабақтан соң маған.....келді - бүгін маған.....сәті түсті. - қызықты болғаны..... -қиындық тудырды. - менің түсінгенім..... - енді мен.....аламын.</p>	<p>Мұғалім оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын!</p> <p><i>Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</i></p>	
<p>Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына</p>	<p>Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру</p>	<p>Сіз</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>	

қандай тапсырмалар қоясыз?	деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	
<p>«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».</p> <p>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.</p>	<p>«Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады.</p>	<p>Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады.</p>
<p>Жалпы бағалау</p> <p>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?</p> <p>1:</p> <p>2:</p>		

08.10.2021 ж. № C00025

Мыс.Мырыш.Күміс. Химиялық қасиеттері және қосылыстары

САРСЕНОВ МУХТАР ТУРАРОВИЧ

Маңғыстау облысы, Жаңа өзен қаласы «№17 ЖББМ» КММ

Химия және биология пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Мысал 1. Келесі химиялық өзгерістер тізбегін іске асыратын реакциялар теңдеулерін жазыңыздар: $\text{Cu} \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \rightarrow \text{Cu(NO}_3)_2 \rightarrow (\text{CuOH})\text{Cl} \rightarrow \text{CuCl}_2 \rightarrow (\text{CuOH})\text{NO}_3$

Шешуі: 1. а) $\text{Cu}^0 + \text{Cl}_2^0 \rightarrow \text{Cu}^{+2}\text{Cl}_2^{-1}$

$\text{Cu}^0 - 2e \rightarrow \text{Cu}^{+2}$ 2 1 Тотықсыздандырғыш, тотығу

$\text{Cl}_2^0 + 2e \rightarrow 2\text{Cl}^{-1}$ 1 Тотықтырғыш, тотықсыздану

б) $\text{CuCl}_2 + 2\text{KOH} \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow + 2\text{KCl}$

$\text{Cu}^{2+} + 2\text{OH}^- \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow$.

2. $\text{Cu(OH)}_2 + 2\text{HNO}_3 \rightarrow \text{Cu(NO}_3)_2 + 2\text{H}_2\text{O}$

$\text{Cu(OH)}_2 + 2\text{H}^+ \rightarrow \text{Cu}^{2+} + 2\text{H}_2\text{O}$.

3. а) $\text{Cu(NO}_3)_2 + 2\text{KOH} \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow + 2\text{KNO}_3$

$\text{Cu}^{2+} + 2\text{OH}^- \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow$;

б) $\text{Cu(OH)}_2 + \text{HCl} \rightarrow (\text{CuOH})\text{Cl} + \text{H}_2\text{O}$

$\text{Cu(OH)}_2 + \text{H}^+ \rightarrow \text{CuOH}^+ + \text{H}_2\text{O}$

4. $(\text{CuOH})\text{Cl} + \text{HCl} \rightarrow \text{CuCl}_2 + \text{H}_2\text{O}$

$\text{CuOH}^- + \text{H}^+ \rightarrow \text{Cu}^{2+} + \text{H}_2\text{O}$

5. а) $\text{CuCl}_2 + 2\text{KOH} \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow + 2\text{KCl}$

$\text{Cu}^{2+} + 2\text{OH}^- \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow$;

б) $\text{Cu(OH)}_2 + 2\text{HNO}_3 \rightarrow (\text{CuOH})\text{NO}_3 + \text{H}_2\text{O}$

$\text{Cu(OH)}_2 + \text{H}^+ \rightarrow \text{CuOH}^+ + \text{H}_2\text{O}$

Мысал 2. Келесі химиялық өзгерістер тізбегін іске асыратын реакциялар теңдеулерін жазыңыздар: $\text{Cu} \rightarrow \text{CuS} \rightarrow \text{CuO} \rightarrow \text{Cu} \rightarrow \text{Cu(NO}_3)_2 \rightarrow \text{CuO} \rightarrow \text{Cu(OH)}_2$

Шешуі: 1. $\text{Cu}^0 + \text{S}^0 \rightarrow \text{Cu}^{+2}\text{S}^{-2}$

$\text{Cu}^0 - 2e \rightarrow \text{Cu}^{+2}$ 2 1 Тотықсыздандырғыш, тотығу

$\text{S}^0 + 2e \rightarrow 2\text{S}^{-2}$ 1 Тотықтырғыш, тотықсыздану

2. $2\text{CuS}^{-2} + 3\text{O}_2 \rightarrow 2\text{CuO}^{-2} + 2\text{S}^{+4}\text{O}_2^{-2} \uparrow$.

$\text{S}^{-2} - 6e \rightarrow \text{S}^{+4}$ 12 2 Тотықсыздандырғыш, тотығу

$\text{O}_2^0 + 4e \rightarrow 2\text{O}^{-2}$ 3 Тотықтырғыш, тотықсыздану

3. $\text{Cu}^{+2}\text{O} + \text{H}_2^0 \rightarrow \text{Cu}^0 + \text{H}_2^{+1}\text{O}$





$\text{H}_2^0 - 2e \rightarrow 2\text{H}^+$ 2 1 Тотықсыздандырғыш, тотығу

$\text{Cu}^{+2} + 2e \rightarrow \text{Cu}^0$ 1 Тотықтырғыш, тотықсыздану

4. $3\text{Cu}^0 + 8\text{HN}^{+5}\text{O}_3(\text{сүй}) \rightarrow 3\text{Cu(NO}_3)_2 + 2\text{N}^{+2}\text{O} \uparrow + 4\text{H}_2\text{O}$







$\text{Cu}^0 - 2e \rightarrow \text{Cu}^{+2}$ 6 3 Тотықсыздандырғыш, тотығу

$\text{N}^{+5} + 3e \rightarrow \text{N}^{+2}$ 2 Тотықтырғыш, тотықсыздану











Мысал 3. Келесі химиялық өзгерістер тізбегін іске асыратын реакциялар теңдеулерін жазыңыздар: $\text{Zn} \rightarrow \text{Na}_2\text{ZnO}_2 \rightarrow \text{Zn}(\text{OH})_2 \rightarrow \text{K}_2[\text{Zn}(\text{OH})_4] \rightarrow \text{ZnCl}_2 \rightarrow \text{Zn}$

Шешуі:



Мысал 3. Келесі химиялық өзгерістер тізбегін іске асыратын реакциялар теңдеулерін жазыңыздар: $\text{Ag} \rightarrow \text{AgNO}_3 \rightarrow \text{O}_2 \rightarrow \text{SO}_2 \rightarrow \text{H}_2\text{SO}_4 \rightarrow \text{Ag}_2\text{SO}_4$

Шешуі:



08.10.2021 ж. № C00028

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

ДЖАЙБЕРГЕНОВА ШОЛПАН СУЙЕОВНА

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

«№11 Теңге бөбекжайы» Тәрбиеші

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.

Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды.

Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді.

Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі. Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды.


Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты:Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер:Жеміс пен көкөністің мультфильмі.

Ойын барысы:Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды.



Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.



Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.



Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

08.10.2021 ж. № C00029

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру

ВЕЛИЕВА АЙНУР СЕРИКБАЕВНА

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

«№ 11 Теңге бөбекжайы» Тәрбиеші

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын әлемдік мәдени құндылықтармен жетілдіріп отыруға, ұлттық құндылықтарды сақтай білуге, өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, тарихи экономикалық ахуалын терең танытуға жете назар аударуымыз қажет. Қашанда ел тұтқасын жан-жақты білімді ұрпақ ұстаған шақта ғана өркениет алға қарай дамымақ.

Ол үшін қазіргі таңдағы жеке тұлға өзіндік дәлел нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, көңілді, белсенді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын бала ретінде қалыптасуын қамтиды. ХХІ ғасырдың қарқынды ілгерілеу ырғағына қатар ілесу үшін, өзара тығыз балалардың өз бетінше оқу дағдыларын дамыту аса маңызды болып табылады. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап ететіндіктен мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілердің танымдық процестерін дамытып, оқу, жазу, тәжірибе жасау дағдыларын қалыптастырып, сол талапқа сай болатындай етіп және мектепке қиындықсыз көшіп, тез бейімделіп кетуіне жағдай жасау қажет.

Сондықтан өз білімімді жетілдіру мақсатында Ақтау қаласында педагогикалық шеберлікті арттыру орталығында «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсына жаңартылған білім беру мазмұнының» ерекшеліктерімен таныстым. Бағдарламаның түйінді идеялары болған: «4К» моделі, "Бала үні", "Ойын", "SMART" мақсат, "Бақылау", "Кері байланыс", "Танымдық оқиға", «Саралау» мен үшін құнды ақпарат болды.

Бұл бағдарлама балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін ескере отырып дамытумен бірге педагогтардың да кәсіби жетілуіне зор үлес қосатыны анық. Себебі бағдарлама мазмұнымен танысу барысында балалармен қатар әріптестеріммен бірге ұжымдасып жұмыс жасап, ұтымды кері байланыс беруді үйрендім.

Сонымен қатар болашақта осы бағдарлама аясында алған білімімді өзімнің тәжірибем барысында балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін жүргізілетін барлық жұмыстардың мақсатын "SMART" мақсат етіп, яғни нақты, өлшенімді, қолжетімді әрі уақытпен шектеулі етіп бала әрекетіне бағыттап, және балалардың жас ерекшелігін, жеке қажеттіліктерін, қызығушылықтарын ескере

отырып, баланы дамытуға арналған әр жұмыста "Бақылау" әдісін пайдалана отырып, саралап оқытатын боламын.

Сонымен бірге бағдарламадағы түйінді идеялардың бірі және маған ерекше әсер қалдырғаны барлық ойын түрлерін жіктеп, "құрылымдалған ойын", "педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын», "еркін ойын" деп жүйеленгені және осы ойындар баланың қызығушылығын, бір-біріне деген достық қарым-қатынасын арттырып, сөздік қорларын көбейтіп, шығармашылық қабілеттерін шындап, сыни ойлау дағдыларын жетілдіретіне көзім жетті. Осы ойын түрлері өз тәжірибемде өте тиімді әрі қолайлы болды.

В. Сухомлинский: "Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес, ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты" деп пікір білдірген.

Сондықтан ойын түрлерін мектепке дейінгі ұйымдарда жиі қолданылуы тиіс деп ойлаймын. Жаңартылған бағдарлама бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балалар еркін, өз ойларын ашық жеткізіп, тәжірибе жасау арқылы үйреніп, өз мүмкіндіктері мен қабілеттеріне қарай дамуына оң ықпал етіп оытрғанын байқаймын. Сондықтан осы жаңартылған білім беру бағдарламасын құрастырушы және басшылық етіп отырған азамат пен азаматшаларға үлуен рахметімді айтамын.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру жолында жасап отырған игі істеріңізге алғыс айта отырып, сәттілік тілеймін.

Енді бар жігерімді мен білімімді бере отырып, үлкен жауапкершілікпен осы жаңа бағдарламаның әдіс-тәсілдерін және түйінді тұстарын пайдалудың арқасында, еліміздің жас ұрпақтарын саналы да білімді, ақылды, тәрбиелі, заман талабына сай азамат пен азаматша болып өседі деген сеніммен өз эссемді аяқтаймын.

05.10.2021 ж. ж № C00008

Көркем еңбек пәнінің маңызы мен жаңаша оқыту әдіс-тәсілдері

АСАНБАЕВ БЕРИКЖАН ИМАНМУХАМЕТОВИЧ

*Алматы облысы, Коктал ауылы
«МДШО Д.Конаев АОМ» КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі*

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті – еңбек екенін уақыт дәлелдеуде .

Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу» бүгінгі көркем еңбек пәні үнемі жетілдіруде.

Біздің елімізде еңбекке үйрену –І. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс –қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған.

Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.

Болашақ кәсіпкер:

- өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі;
- азаматтық нарыққа қатыса алады;
- өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы;
- жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу

– мектептің материалдық –технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау.

Ата-ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет.

Еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі.

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден – іске көшу».

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.

Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі – мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі. Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек.

Сабақ – оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы. Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация – оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу – оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту – оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі.

– оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану – сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т. б.

Көркем еңбек пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі – қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан.

Балаларды еңбекке тәрбиелеу – қол еңбегі сабағынан басталады.

Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн.

МАЗМҰНЫ

- *СЕЙТЕНОВА МАЙРА САПАРОВНА*
- *МУРЫНОВА АЛИЯ ОРДАБАЕВНА*
- *СУЛТАНОВА АСЕЛЬ УТЕГЕНОВНА*
- *АХАЕВА БАҚЫТ ШАЯХМЕТОВНА*
- *ТИНЕЕВА ШЫНАР АЙДЫМБАЕВНА*
- *АБИШЕВА ЖАНЫМ ДУЛАТОВНА*
- *САРСЕНОВ МУХТАР ТУРАРОВИЧ*
- *ДЖАЙБЕРГЕНОВА ШОЛПАН СУЙЕОВНА*
- *ВЕЛИЕВА АЙНУР СЕРИКБАЕВНА*
- *АСАНБАЕВ БЕРИКЖАН ИМАНМУХАМЕТОВИЧ*